

XIX ҒАСЫРДЫҢ II ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТҚА ҚАРСЫ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚТЫҢ НАРАЗЫЛЫҒЫ

XIX ғ. 60-жылдарында бүкіл қазақ жерлерінің патшалық Ресейдің құрамына өтуі және онда империялық «тәртіптердің» орнауы оңтүстік өнірдегі жергілікті халықты отаршылдық жүйеге қарсы азаттық күреске итермеледі. Мұның аяғы қазақтардың ашу-ызасын туғызып, отаршылдық жүйеге қарсы көтерілуге өрекеттер жасаған. Мәселен, 1862 жылы қоқандықтардың иелігінен Өтеген мен Баубек бастаған қыпшақтар және Жантөре мен Құдас бастаған коныраттар Сыр бойындағы орыс шептеріне шабуыл жасап тұрса [1, 124 п], Қылыш бастаған қарасақал, Ертай бастаған шектілер, Жанқожаның туысы Жанмырза бастаған қазақтар Хиуа ханының көмегін ала отырып, орыс өскерлеріне қарсы шабуылын тоқтатпаған [2, 28 п]. 1863 жылы маусымда Сыздық 400 жасақпен Жанақорғанды алуға бірнеше рет өрекеттенсе [3, 114 п], сол жылы 9 қантарда қоқандықтардың иелігіндегі 50 адамнан тұратын қазақтар орыстардың билігіндегі қазақтарға шабуыл жасап 5 адамды тұтқынға алып кетеді [4, 40 п]. Қазақ даласында патша өкіметінің басқару жөніндегі жаңа Ережесі енгізілсе де, оңтүстік өнірді мекендерген жергілікті халықтың ашық қарсылықтары болмағанымен, қазақ руларының арасында наразылықтар бой көрсетіп тұрған. Оны Жетісу облысының өскери губернаторы генерал-майор Г. А. Колпаковскийдің Түркістан генерал-губернаторына жазған 1868 жылғы 17 желтоқсандағы №2844 мәліметтің көрсетеді: «Қарсылықтар туралы ресми мәліметтердің болмауы қауіпсіздікті бұзушылықтың болмағандығын көрсетпейді, ейткені, мұндай

мәліметтерді уезд бастықтарына болыс басқару-шылары жеткізуеу мүмкін» [5, 5 п].

Яғни өз құқықтарының шектелгендігіне ақсүйектер жасырын түрде болса да наразылықтар жасаған. Жаңа Ереже енгізілгенге дейін, 1866 жылғы акпанның сонында Әулиеата бекінісінің басқарушысы штабс-капитан Медынский Әскери губернатор кенесесіне жазған №59 рапортында Құдайменде сұлтанның өрекеті мен оған байланысты қабылданған шараптар туралы былай деген: «Құдайменде сұлтан ботпайлардың Серке ауданында көшіп жүретін бөлігіне аға сұлтан болып тағайындалған, ал құралас руы Талас бойында көшетіндіктен, өздерінің құрметті биі Едіге бар. Сондықтан мен оған құралас руына тиіспеуді, тек өзіне бекітілген руды ғана басқаруды тағы да ескерттім» [6, 136 п]. Өз ықпалын көрші руларға тарату ертедегі дала дәстүріне негізделген: қашалықтың көп ру оны мойындаса, сұлтанның ықпалы соншалықтың күшті болады. Ресей билігі енгенге дейін қазақ руларының бағыныштылығын ешкім бекітпеген, сондықтан рудың экономикалық жағдайы мен ішкі тыныштығы ру мен ру бірлестіктерінің басында кім тұрғанына байланысты еді. Ереже енгізілгеннен кейін, бірінші жылы қазақтар наразылығын көрші мемлекеттердің аумағына көшіп кетумен білдірді. Бұл өсіресе Қытаймен шекаралас руларда көбірек байқалды. Верный уезінің бастығы капитан Ждан-Пушкиннің Колпаковскийге жазған 1868 жылы 2 желтоқсандағы №3319 мәліметінде: «Маған бекітілген уездің албан руының көшіп-қонатын жері қытаймен шектеседі. Біздің бодандығымызды

алған кейбір рулар аласапыранды пайдаланып, сол жаққа көшіп кеткен» деп көрсетеді [7, 4 п]. Осы жағдайлардың алдын алу үшін ол: «сол жерде қырғыздарға бақылау жасайтын және тәртіпсіздіктердің алдын алуға мүмкіндік беретін ресми орыс әкімшілігін ұстауды» ұсынады [7, 4 п].

Қазақ даласының қарсылығын жоюдын нақты шарапарын өзірлеу Ресей империясының жүздерді саяси бағындыру міндеттін туындағы. Дегенмен казактардың арасындағы ықпалынан айрылған немесе биліктен шеттетілген рубасылары патша әкіметінің отаршылық саясатына қарсы құрестерін көп жағдайда көрші жатқан елдердегі мұсылман қозғалыстарымен байланыстыруды. Атап көрсетсек, Жетісу халқы Шығыс Түркістандағы дүнгендердің көтерілісіне қосылу арқылы Ресей билігіне қарсы шығуға ниеттense, Сырдания облысының халқы Қокан, Хиуа және Бұхар хандықтарында орын алған діни факторға сүйенді. Мәселен, Шығыс Түркістандағы қытай билігіне қарсы шыққан көтеріліске белсene араласқан Ұлы жұз қазактары шекара дағы орыс әскерлеріне шабуыл жасап тұрған. Осыған байланысты Л. Костенко былай деп жазады: «албандар дүнгендер мен тараншылардың қытайлықтарды қырып-жоюына белсene қатысады. 1866 жылы олар Тараншылар сұлтанына бағындып, көтерілісшілердің арасында ұлken күшке айналып, Ұзын тау қыратының онтүстік бөлігінде мекендейді. Сондай-ақ олар шекара дағы тірек орындарымыздағы орыс әскерлеріне маза бермей, шабуыл жасаумен болды» [8, с. 63]. Дулаттардың құрамына кіретін жаныс руының қазактары Тайты Лебаев, Исмайыл Ормақов, Құнан және Құлмамбет Алдакай-мовтар қазынаға түйе бермеу, орыстар сайлаган болыстардың айтқанына көнбеу және сұлтандардың билігін калпына келтіру сияқты талаптармен басқа да қазақ руларын орыс билігіне қарсы ұлттық қарсыласуға шақырған [9, 1 п].

Жалпы алғанда, Аристовтың көрсеткен мәліметі бойынша, 1865–1866 жылдары Шығыс Түркістанға қарай 22 340 адамы бар 5500-дей шаңырақ өтіп, оның ішінде Жетісу тарихында өз орны бар албаннан Тезек төрөнін бауыры Дүрөлі сұлтан, Саурық, Малабай, Жетен батырлары, Есбер Қасаболат, Әліке билері және суаның Өстемір биі мен қырғыздың бұғы руынан Сабатар молдасы болған [10, с. 208]. Ал олардың арасында өздерінің атақты аға сұлтаны Тезек төрөнін болмауын орыс шенеуніктері былай деп келтіреді: «Батыс Қытайдағы бір жарым ғасырлық төңкеріс-

терге белсene қатысқан қырғыздар дүнгендердің манчжурларымен күресінен де шет қалмады. Біздін әскерлер қырғыздардың Қытаймен және ортаазиялық түркістандықтармен Тянь-Шань арқылы өтетін жолдарды кесіп тастағанымен, Іле провинциясы жақтағы ынғайлы шекаралық жерлер оларға, яғни, қырғыздарға шығыстағы жақын көршілері қалмақтармен ілінісуге мүмкіндік берді. Қырғыздар мен Ұлы жұз албандарының қалмақтарды тонап, талағаны соншалық, олар біздін иелікке келіп, бас сауғалап өтіп кетті. 1000 қалмақ Верный төнірегіне орналасты. Барлық казактар өздерінің діндестері – дүнғандарға бар ниеттімен қатты жанашырлық танытуда, манчжур үкіметтімен бұрынғы байланыстарын үзе алмауынан ба, тек бір ғана албанның Тезек сұлтаны дүнғандар көтерілісіне ниеттестік білдірмей тұр» [11, 27 п]. Дегенмен Ресей билігіне қызмет көрсеткеніне қарамастан Тезек төре Жетісудағы патша әкімшілігін «өз адамына» айнала алған жоқ-тын. 1866 жылы 10 мамырда Семейден келген хатта полковник Тезекті Верныйға шақыртып алғып, барынша ұзак ұстап тұру қажет делінген [12, 1 п]. Шамасы патша әкімшілігі «Іле провинциясындағы тәртіпсіздік пен женіл олжа көп адамды қызықтыруы мүмкін. Онда Тезек сұлтан басқаратын руынан айрылып, біздін жақта қалуы, я Қытайға көшіп, дүнғандарға қосылуы мүмкін. Соңғы шешім сұлтанның материалдық пайдасы үшін тиімдірек және епті де мінезді Тезекті бізге қарсы дүшпандық қатынаста болса, аса зиянды болар», – деп Тезек төреден қауіптенсе керек [11, 27 п]. Бұл патша үкіметінің өзге қазақ билеушілері секілді Тезекті де бірде мақтап, бірде даттап, керек кезінде көтермелеп, содан соң тұрмеге жабуға дейін барғандығы қазақ аксүйектерінің тәлекекке түсken тағдырын паш етеді. Алайда патша әкімшілігі өз райынан қайтып, оны тұрмеге жабуға асықпай, мықты бақылау орнатады да, тек 1868 жылы ғана қамауға алады. Оған Колпаковскийдің Түркістан өлкесінің әскери Басқармасының бастығына 1868 жылы 16 мамырдағы №168 берген мәлімдемесі негіз болады: «Бізге келіп жеткен, бірақ әлі тексерілмеген мәліметтерге қарағанда, Ыстықкөл уезіне Жақыпбектің екі топ әскері келмекші. Оларды біздін бұғылар өздерінің салтына сәйкес күтіп алуға дайындалып жатқан көрінеді. Әсіреле Жақыпбекке ат сыйламакшы.

Осыған байланысты Қапал уезінің бастығы хабарлағандай, поручик Фазы Болатұлы Уөлиханов сұлтан қазактардың арасында орыс күшіне

сенімсіздік тудыратын сыйбис таратуда. Ал Борохудзир әскерінің бастығы берген 1868 жылғы 10 мамырдағы мәліметте Жақыпбек Қапал мен Верный уездеріндегі қазактарға, оның ішінде полковник Тезек сұлтанға орыстарға қарсы көтөріліске шақырған үндеу қағаздарын таратқан. Үндеу қағазына Тезек сұлтан ниеттес болып, жергілікті болыстарды Көксу, Қарағұлақ сияқты орыстар қоныстанған елді-мекендерге маусым айында шабуыл жасауға барынша көмек көрсетуін сұраған. Тезек төрөнің Іленің сол жағалауына өткен қонырбөрік, суан рулары арасында Жақыпбектің осы үндеухатына орай жүргізген насиҳаты аталмыш руларға катты өсер еткен» [13, 23-25 пп]. Жалпы алғанда Шығыс Түркістанда Жақыпбек бастаған мұсылмандардың Жетішар мемлекетінің пайда болуы Орталық Азияда империялық жаңа әкімшілік құрылыш жүйесін құруға әрекеттегеніп жатқан патшалық Ресейді аландатып, мұсылмандардың азаттық жолындағы қозғалысы және Жетішар мемлекетінің нығая түсіү Шығыс Түркістандағы өндіріс тауарларын өткізетін кең нарықты жоғалтып алудан қауіптенді. Сондай-ақ патша әкіметін тәуелсіздікке үмтүлған Шығыс Түркістандағы түркі-мұсылман халқының азаттық құресінің бір арнаға тоғызып, күш алып кету қаупі де мазасыздандырды. Тезектің де Жақыпбекке ниеттес екені және Қытайға көшуге жиналып жатқаны Колпаковскийге Қапал уезінің бастығы, Алтыннемел болысы Бейсенбі Медетовтың жеткізген мәліметтінің негізінде аян болады [12, 17 п].

Осы хабардан кейін Жақыпбекпен достық қарым-қатынаста болды деген қазак, қырғыз билеушілерінің, батырлары мен билерінің қөпшілігі тұтқынға алынып, түрмеге жабылады да, Тезек төре мен Ғазы Болатұлы Уәлихановтың және қырғыздың Тілекмет, Нұрдәүлет, Мұраталі және Шонғараш сияқты манаптарының сыртынан құпия түрде бақылау қойылады [14, 49 п]. Бірақ Жетісудағы қазактар мен қырғыздарға байланысты мәліметтерден кейін Семейдің әскери губернаторы Алатау округінің бастығына Тезек төрөні тұтқындау керек деген нұсқау жібереді. Нұсқауда былай делінген: «Албандардың аға сұлтаны полковник Тезек Абылайхановты Верный бекінісінде ұзак мерзімге тұтқындау қажет. Сондықтан сұлтанды бекініске тездетіп шақырып алып, оған жақын арада округке әскери колбасшы келетіндіктен ауылға қайтудың қажеті жоқтығын, жоғарғы мәртебеліні Алматыда басқа сұлтандармен бірге күту керектігін айтыңыз» [12, 5 п].

Оның соны Тезек төре мен Ғазы Уәлихановтың 1868 жылды Қытайдағы руластарына көшуге жиналды деген кінә тағылып, Қапал түрмесіне жабылуына әкеліп соқтырды [14, 50 п]. Кейін Тезек күйеу баласы Ғазы Болатұлы Уәлихановпен бірге Қапалдағы орыс түрмесінен айғактың жетіспеуіне байланысты босатылады. Патша әкіметінің отарлау саясатына наразы полковник Тезек төре ақыры 1869 жылды қыркүйекте ауылында Алтыннемел болысының барлық иғі жақсыларын жинайды. Жиынға Тезек төрөнің ұлы және старшина Байжан Мекебаев, Сатыбалды Қалқанбаев, Шәріп Саурыков пен Ислам Медетмолдаев, Байназар Ноғаев, Тұлен Сырноев сияқты билер қатысып, бәрі де Қытайға болыс болып көшіп кетуге келіседі [15, 1 п]. Алайда 1869 жылды 3 қазанда аталған рубасшыларының бәрі тұтқынға алынып, тергеу басталады да, Қапал уездік бастығы старшиналарды Үақытша Ережеге сәйкес әкімшілік басқаруға бағынуды талап етеді. Тергеу кезінде жергілікті отаршыл патша әкімшілігі бас көтерер қазак пен қырғыз руларының билеушілеріне түрлі жала жауып, олардың ел алдындағы беделдерін түсіру үшін түрлі соракы әдіс-айлалар колданады. Мысалы, патша әкімшілігі 1870 жылды тамызда қарулы қазактардың тарапынан шабуылға ұшырап, 18 жерінен жаракат алып, 15 жылқысы мен қомакты ақшасынан айрылып қалған Қапал уездік бастығының орынбасары Здоренконы тонауға Тезек төре бастаған 60 қазак қатысқан деп кінә тағады [16, с.328].

Қапал уездік басшыларының ұйымдастыруымен Тезек төрөні қалайда қылмыскер етіп, оны қамауға алуға талпының жасалып, тергеу жұмысының барысында уездік судья бір казакқа айғак болар заттарды Тезек төрөнің үйінің жанына апарып тастауға бүйірлады. Бірақ олар бұл жолы да мақсаттарына жете алмай, Тезек төре қарамағындағы 200 тұтін қазакты алып, Іле өлкесіне көшіп кетеді. Қазакстандық зерттеуші В.З.Галиев Тезек төрөнің Құлжаға көшіп кетуі 1870 жылдың басында болған деп нақтылай түседі [17, с. 73]. Өмірінің сонына қарай орыс әкімшілігінің қатты қысымына ұшыраған Тезек төре 1879 жылды қоз жұмады. 1871 жылды сөүірде Жетісу өлкесіне танымал Ұлы жүздің албан руының ықпалды да беделді билерінің бірі Тазабек Пұсырманов та 1000 тұтіннен тұратын аулымен Қытайға өтеді [18, 1 п]. Патша әкімшілігі Жетісудың басқа да билеушілері сияқты беделді Тазабекті өз жағына тарту үшін және қазак пен қырғыз билеушілеріне

қарсы пайдалануды көздең сый-сияптар көрсетіп, әскери шен де береді. Патша әкімшілігінің жасаған бүл қадамына Тазабек би онайлықпен қөнбекесін, оны құғын-сүргінге салады да, 1871 жылы болыстыққа сайлауға түсken кезде патша әкімшілігі Құлжаға көшіп барғанын сұлтаурағып, оның қандидатурасын өткізбей қояды. Сол жылы патша әкімшілігі Тазабекке қалмақтарды өлтіргендерді ұстап бер деп бұйырған кезде, ол айыптыларды құтқарып жібереді. Сол үшін 1871 жылы 18 сәуірде патша әкімшілігі есаул Герасимов бастаған 32 казак және 100 қазакты Тазабектің ауылы орналасқан Ақтоғай өзені бойында, Құлықтаудың (Кулуктау) етегіндегі Мойнақ деген жерге жібереді. Жазалаушы әскер Тазабектің ауылына жақындағап келіп, оған орыс билігіне өз еркімен берілуін талап етеді. Бірақ Тазабек орыс әскерлерінің талабын орындаудан бас тартып, өз жігіттерімен қарсы шабуылға шығады. «Тазабек батырдың жасағы көріне сала әскер құрамындағы әр болыстан жиналған 300 албан жігіті аттарына міне сала әр жаққа бытырай қашып кетті. Ауылнай Жақыпты қуып жеткендер, оған қылышпен және найзамен 13 жерден жаракат салды. Тазабектің жаяулыатты 140 жігіті таңға дейін орыстардың 3 шабуылына тойтарыс берді» [19, с. 219].

Таңатқаннан кейін Тазабек ауылы тендері мен малдарын тастап, Құлжаға қарай қашқанда патша әкімшілігі оның жолына тоқсауыл қою үшін солтүстік жақтан хорунжий Копцов бастаған әскерді жібереді. Бірақ Құлжа сұлтанының 200 адамдық қолының көмекке келуі Тазабекті талқандалудан аман алып қалады. Шығыс Түркістанға келген Тазабекті Құлжа сұлтаны Әлихан Тоғызыраудағы қырғыздардың арасына орналастырады. Тазабектің Шығыс Түркістанға өтіп кетуі Жетісудағы Ресей билігіне қауіп төндіріп, Колпаковскийді тығырыққа тірейді. Егерде Тазабек Жақыпбекке барып қосылса, онда Шығыс Түркістандағы түркі-мұсылман қозғалысы жанадан күш алар еді. Өйткені Қытай тарихшысы Чи Чиншүн Тазабек Пұсырманұлын қазақтың Ресейге қарсы көтерілісінің қолбасшысы деп бағаласа [20, 320 б], қазақ тарихшысы Н. Мұқаметқанұлы: «Тазабектің Қытай шекарасынан асып, Іле аймағына ауып баруы ... Ресей отаршылдарына қарсылық көрсету тұрғысынан жасалған қадам болып табылады», — деп өз бағасын берді [20, 133 б].

Сондықтан Колпаковский Құлжа сұлтанынан 7 күннің ішінде Тазабекті кейін қайтармаса,

онда Құлжаға соғыс ашатыны туралы мәлімдеме жасайды. «Тазабектің 1000 туғынмен Құлжаға өтуі Колпаковскийдің жорықта шығуына себеп болды», — деп жазды А. И. Макшеев [21, с. 286]. Құлжа сұлтанының Тазабекті орыс билігіне бермейтіні белгілі болғаннан кейін Г. А. Колпаковский подполковник Ждан-Пушкинге 140 казактан тұратын әскермен шекарадан өтуге бұйрық беріп, өзі де зенбіректері бар әскермен Құлжаға аттанағып, 1871 жылы 22 маусымда Әлиханның әскерін талқандап, Құлжаны басып алады [22, 96 б]. Іле өлкесін Ресей империясы жауап алғанын естіген қазактар мен қырғыздар Қашкардағы Жақыпбекке қарай қашқан кезде орыс әскерлері оларды өрең дегенде тоқтатып, бұрынғы жерлеріне қайтарып өкелу үшін, тіпті, бұрынғы болыс басқарушыларын да өзгертуге уәде етеді. Орыстардың қолына түсken Тазабек пен оның серіктегі Верныйға жөнетіледі. 1872 жылы наурызда тергеу ісі бітпей жатып Тазабек Пұсырманұлы түрмеде қаза табады [18, 1 п]. XIX ғасырдың 60-жылдарының аяғында Орталық Азияға терен-деп кірген Ресей империясынан қауіптенген Хиуа хандығы өзінің шекарасын нығайтуға кіріседі. Осы мақсатты жузеге асыру үшін ол қазак феодалдарынан, әсіресе Қазалы фортынан қашып келген Әзберген Мұнайтпасов, Сұлтан Арсланов, Өтім және Кенесарының ұлдары Сыздық пен Хатым төрелерден көмек сұрайды [23, с. 265]. Сонымен қатар Хиуа ханы оларды кару-жарақ және әскермен камтамасыз етіп, Ресей империясы басып алған жерлерге жорықтарға аттандырып отырған. Қазактардың үздіксіз жасаған жорықтарының нәтижесінде Перовск мен Қазалы бағытына жүретін қозғалыстың бәрі де тоқтап қалады. Осы жағдайда сұлтау еткен орыс әкімшілігі Хиуаға соғыс ашуға кіріседі.

Ақыры 1873 жылы қоқтем айларында орыс әскерлері Хиуаға баса қоқтеп кіреді де, ханды бейбіт келісім-шартқа күштеп отырғызады. 12 тамызда жасалған келісім-шарт бойынша Хиуа Амудария өзенінің оң жағалауындағы жерлерді Ресей империясына береді және патша әкіметіне тәуелділігін мойындайды. Сөйтіп, XIX ғасырдың 60-70-жылдарында жергілікті халықтардың қарсылығына қарамастан патша әкіметі бүкіл Орталық Азияға өз билігін орнатады. Қазақ даласының Түркістан, Әулиеата, Шымкент, Ташкент сияқты ірі қалалары отаршылдардың қарамағына өтеді. Осылайша Ресей империясының Сырдария бойы үшін болған соғысы патша

әкіметінің жеңісімен аяқталады. Ол занды да еді. Өйткені сол кездегі қазақтардың даму дәрежесімен салыстырғанда, Ресейдің экономикалық және соғыс күш-куаты өлдеқайда жоғары тұрды. Осыған байланысты және өзара іштей руаралық алауыздық пен бытыраңқылықтан, қазактар Ресей империясының жаулап алушылық жорықтарына табан тіреп карсы тұра алмады. Нәтижесінде бұкіл Сырдария аумағы патша әкіметінің отаршылдық саясатының арнасына түсті. Яғни, Ресей империясының өзіне Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды қосып алуы оның Қазак даласын толық жаулап алуын аяқтады. Ресей империясы отаршылдық саясатын жүзеге асыра отырып, Сыр бойы қазақтарының тәуелсіздігін аяусыз жаңыштап, өнірге отаршылдық-әкімшілік жүйесін орнатуға кіріседі. Бұл аймақтағы патша әскерінің орналасуына сәйкес қалыптасқан әскери-әкімшілік үлгі болды. Облыстағы басшылық пен билік әскери губернатор құзырына енді. Ол Ресей империясының орталық аудандарындағы губернаторлардың құзырында жоқ билік пен құқықты иеленді.

Жалпы алғанда Оңтүстік Қазақстан өнірін басқаруда патша әкіметі қазақ халқын аяусыз қанау және олардың құқықтарын таптау арқылы Түркістан өлкесінде тыныштық пен қауіпсіздікті орнattы.

ӘДЕБИЕТ

1. ҚРОММ. 383-к. 1-т. 217-ic.
2. ҚРОММ. 383-к. 1-т. 213-ic.
3. ҚРОММ. 383-к. 1-т. 261-ic.
4. ҚРОММ. 383-к. 1-т. 206-ic.
5. ӨРОММ. 1-к. 1-т. 20-ic.
6. ҚРОММ. 3-к. 1-т. 42-ic.
7. ӨРОММ. 1-к. 1-т. 6-ic.
8. Муканова Г.К. Центральная Азия через призму отношений: Россия – Казахстан – Китай (XVIII–XX вв.). Петропавловск: ИТЦ, 2001. 557 с.

9. ҚРОММ. 3-к. 1-т. 615-ic.

10. Аристов Н.А. Усунь и кыргызы или кара-кыргызы. Очерки истории и быта населения западного Тянь-Шаня и исследования по его исторической географии. Бишкек: Илим, 2001. 582 с.

11. ҚРОММ. 44-к. 1-т. 38257-ic.

12. ӨРОММ. 715-к. 1-т. 74-ic.

13. ӨРОММ. 715-к. 1-т. 73-ic.

14. ӨРОММ. 715-к. 1-т. 37-ic.

15. ҚРОММ. 44-к. 1-т. 29185-ic.

16. Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии // Соч. в 3-х т. СПб.: Типо-литография В. В. Комарова, 1906. Т. 3. 496 с.

17. Галиев В.З. Караванные тропы (Из истории общественной жизни Казахстана XVII–XIX вв.). Алматы: Атамұра, 1994. 128 с.

18. ҚРОММ. 825-т. 1-т. 32-ic.

19. Перечень событий на Сыр-Дарьинской линии, со времени ее учреждения по 1860 г. // Русский Туркестан / Под ред. В. Н. Троцкого. – СПб.: Тип. товарищества «Общественная польза», 1872. Вып. 3. 246 с.

20. Мұқамбетқанұлы Н. XVIII–XX ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары. Алматы: Санат, 1996. 128 б.

21. Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. СПб.: Воен. типография, 1890. 380 с.

22. Талып Молдо. Кордолгон заманда // Кыргыздар. Тарых. Мурас. Бишкек: Кыргызстан-Сорос фондусы, 1995. Т. 3. 91–137-бб.

23. Бартольд В.В. Туземец о русском завоевании // Собр. соч. в 9-и т. М.: Наука, 1964. Т. 2, ч. 2. С. 324–358.

Резюме

Статья на основе архивных материалов рассматривает причины усиления системы царской власти в Южном Казахстане во II половине XIX века и противостояние местного населения колониальному режиму.

Summary

Given article on base archive material considers the reasons of the reinforcement of the system tsarist authorities in South Kazakhstan in II half XIX age and protivostoyanie local population colonial mode.